



Май ауданының мәдениет, тілдерді дамыту,
дене шынықтыру және спорт бөлімі
Май ауданының орталықтандырылған
кітапхана жүйесі



**Әбділдин
Жабайхан Мүбәрәкұлы**

Көктөбе, 2017 ж.

Әбділдин Жабайхан Мүбәрәкұлы: биобиблиографиялық көрсеткіш.

Биобиблиографиялық көрсеткіште ғалым Әбділдин Жабайхан Мүбәрәкұлының өмірі мен шығармашылығын сипаттайтын мәліметтер, шығармалары, марапаттары және баспа бетіндегі жарияланған мақалалар тізімдері берілген.

Көрсеткіш кітапхана қызметкерлері мен мәдени – ағарту мекемелеріне және өлкетану әдебиеттерімен танысқысы келетін барша оқырман қауымға арналған.

Әбділдин Жабайхан Мүбәрәкұлы:
биобиблиографиялық көрсеткіш.

Құрастырушы: Бейсекова А.Ө.
Редактор: Түсіпбекова Қ.Ж.

ОҚЫРМАНДАРҒА

Философия ғылымына жаңалық енгізген ғалым академик, профессор аудан мақтанышы Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдинге арналған библиографиялық көрсеткішті ұсынады.

Библиографиялық көрсеткіште Ж. Әбділдиннің өмірі мен еңбек жолдары, ғылыми, қоғамдық қызметінен очеркі, 1967 жылдан 2016 жыл аралығындағы кітапхана қорындағы шығармалары, 1993 - 2014 жылдар аралығындағы білім мен ғылымға қосқан үлесін сипаттайтын мақалалар еніп отыр.

Көрсеткіштегі материалдар әр жылдық шекте, хронологиялық тәртіппен орналасқан.

АКАДЕМИК Ж.М.ӘБДІЛДИННІҢ ӨМІРІ МЕН ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Көрсеткіштегі материалдардың орналасу тәртібі:

- Өмірі мен еңбекжолы;
- Марапаттары;
- Ғылыми және қоғамдық қызметінің қысқаша очеркі;
- Аудандық кітапхана қорындағы академик Ж.М. Әбділдиннің шығармалары және ол туралы шығармалар;
- Мерзімді басылым беттерінде жарияланаған мақалалар;

Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдин 1933 жылы 16 ақпанда Павлодар облысы Май ауданының Майтүбек ауылында мал дәрігерінің отбасында туған.

1939-1949ж.ж. Павлодар облысы, Май ауданының «Қызыл еңбек» колхозындағы орта мектептің оқушысы.

1949-1954ж.ж. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті философия факультетінің студенті.

1954-1955ж.ж. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының аспиранты.

1955-1958ж.ж. М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің аспиранты.

1958-1960ж.ж. ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтының кіші ғылыми қызметкері.

1958ж. М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде *«Нақты ұғымның танымдық роль»* тақырыбында диссертация қорғап, философия ғылымдарының кандидаты деген ғылыми дәреже алды.

1960-1965ж.ж. ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтының аға ғылыми қызметкері.

1965 жылдан Қазақстан Республикасы ҒА Философия институтының диалектикалық материализм, диалектика теориясы мен тарихы бөлімінің меңгерушісі, әрі ғылыми кеңесінің мүшесі.

1968 ж. ҚазКСР ҒА Философия институтында «Теориялық танымдағы бастау мәселесі» деген тақырыпта диссертация қорғап, философия ғылымдарының докторы деген ғылыми дәреже алды.

– Республикалық «Білім» қоғамының философия бойынша методикалық кеңесінің төрағасы.

1972 ж. «Философия» мамандығы бойынша профессор атағы берілді.

1973-1984 ж.ж. ҚазКСР ҒА Философия және құқық институтының директоры.

1974 жылдан Қазақстан Республикасы Философия институты жанындағы философия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғау жөніндегі мамандырылған кеңестің төрағасы.

1975 ж. Қазақ ССР ҒА-ның корреспондент - мүшесі болып сайланды.

1976 ж. Халық депутаттары Алматы қалалық Кеңесінің, депутаты болып сайланды.

1981-90 ж.ж. Қазақ философия қоғамының президенті.

1982-1987 ж.ж. Халық депутаттары Алматы қалалық Кеңесінің депутаты.

1983ж. ҚазКСРҰҒА академигі болып сайланды.

1984ж. ҚазКСРҰҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик-хатшысы.

1985 жылдан «Қазақстан Республикасы ҒА хабаршысы» журналының редколлегия мүшесі, ҚР ҒА редакциялық баспалық кеңесінің төрағасы. «Қазақстан Республикасы ҒА хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналының редколлегия мүшесі.

1986-1991ж.ж. Кеңес-Қытай достығы қоғамы Қазақ бөлімшесі басқармасының төрағасы.

1986 жылдан ҚазКСР (ҚР) ҒА вице-президенті,

- «Мәдениет және тарих ескерткіштері жинағының» бас редакторы.

- Қазақ мәдениет және тарих ескерткіштерін қорғау қоғамының Орталық кеңесі Президиумының мүшесі.

1987 жылдан Қоғамдық ғылымдар саласында Ш. Ш. Уәлиханов атындағы сыйлық беру жөніндегі эксперттік комиссияның төрағасы.

1987ж. Ғылым және техника саласындағы КСРО Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитеттің мүшесі.

-Шәкәрім Құдайбердиевтің шығармашылық мұрасын зерттеу жөніндегі Қазақстан КП ОК комиссиясының төрағасы.

1988ж. Қазақ ССР Министрлер Кеңесі жанындағы мемлекеттік терминологиялық комиссияның мүшесі.

-Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылық мұраларын зерттеу жөніндегі Қазақстан КП ОК комиссиясының төрағасы.

1989 ж. 30-40 жылдар мен 50 жылдардың бас кезінде тарих, әдебиет және өнер мәселелері бойынша Қазақстан КП (б) ОК қабылдаған құжаттарды зерттеу жөніндегі Қазақстан КП ОК комиссиясының төрағасы.

- Міржақып Дулатовтың шығармашылық мұрасын зерттеу жөніндегі Қазақстан КП ОК комиссиясының төрағасы.

1990 жылдан бастап Қазақ философия қоғамының Президенті, ҚР Мәдениет қорының төрағасы.

1990 ж. Қазақстан Жоғары Кеңесінің халық депутаты болып сайланды.

1991 ж. Шетелдер мен мәдени байланыстар жасау жөніндегі Қазақ қоғамы Президиумының мүшесі.

1992 ж. Қазақстан мәдениеті мен тарихының ескерткіштерін іздестіру және зерттеу жөніндегі комиссияның төрағасы.

1993 ж. «Қазақстан Республикасы ҒА хабаршысы» журналының бас редакторы.

1994 жылдан Жоғары Кеңестің Ғылым, білім және жаңа технологиялар жөніндегі комитетінің мүшесі.

1994 ж. ҚР-ның тұңғыш Парламентіне депутат болды.

1995-1999 ж.ж. Қазақстан демократиялық партиясы ОК мүшесі.

1995-2005 ж.ж. ҚР Парламентінің Сенаттың депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитеттің төрағасы.

1998-2007 ж.ж. ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссиясының төрағасы.

1999-2001 ж.ж. «Отан» РСП саяси кеңесінің мүшесі.

2005-2007 жылдан ҚР Президенті Әкімшілігінің әлеуметтік-саяси бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

2007 жылдан бері – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры.

1963 ж. Ғылыми танымның логикасы бойынша Бүкілодақтық конференцияға қатысты, Томск қаласы.

1966 ж. Қазақ ССР ҒА қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің жалпы жиналысының сессиясында «Диалектика ғылымының логикасы және методологиясы» деген баяндама жасады.

1968 ж. XIV Бүкіл әлемдік философиялық конгресте «Диалектикалық логика және қазіргі ғылым» деген баяндама жасады, Вена қаласы.

1968 ж. Алматыда өткен диалектикалық логика бойынша Бүкілодақтық симпозиумда баяндама жасады.

1969 ж. Жас ғалымдар мен ағарту ісі қызметкерлері өкілдігінің құрамында АҚШ-қа барды.

1972 ж. VIII Халықаралық Гегельдік конгреске қатысты, Берлин қаласы.

1973 ж. Бүкіл әлемдік философиялық конгреске қатысты, Варна қаласы.

1974 ж. X халықаралық Гегельдік конгреске қатысты, Мәскеу қаласы.

1975 ж. «Әл-Фараби және Шығыс елдерінің ғылымы мен мәдениетінің дамуы» деген тақырыппен Алматыда өткен халықаралық ғылыми конференцияға қатысты.

- Бүкілодақтық «Білім» қоғамы лекторларының құрамында Үндістанға барды.

- КСРО философия қоғамының пленумында «Қазақстанда материалисті диалектиканың дамуы» деген тақырыпта баяндама жасады, Мәскеу қаласы.

1976 ж. КСРО ҒА Президиумының сессиясында ғылыми танымның философиялық мәселелерінің дамуы жөнінде баяндама жасады.

1977 ж. Қазіргі ғылыми танымдық логикасы мен методологиясы бойынша Бүкілодақтық симпозиумның баяндамашысы және ұйымдастырушысы. Алматы қаласы.

1978 ж. XVI Бүкіл әлемдік философиялық конгресте «Теориялық білімнің қалыптасуы мен дамуындағы әмбебап категориялардың ролі» деген баяндама жасады. Дюссельдорф қаласы.

1980 ж. Давид Анахт шығармашылығына арналған халықаралық конференцияның баяндамашысы. Ереван қаласы.

- Бүкілодақтық «Білім» қоғамы лекторларының құрамында АҚШ-қа барды.

- Ибн-Сина шығармашылығын аарналған халықаралық конференцияның баяндамашысы. Душанбе, Бұқара қалалары.

1981ж. «И.Канттың таза зердені сынауы және қазіргі заман» атты халықаралық симпозиумда «Канттық апперцепцияның бастапқы бірлігі туралы ілімі және таным субъектісінің белсенділігі мәселесі» деген баяндама жасады. Рига қаласы.

- КСРО ҒА Философия және право бөлімшесінің көшпелі мәжілісінде баяндамашы. Ташкент қаласы.

- Жаратылыстанудың философиялық сұрақтары бойынша Бүкілодақтық кеңесте баяндамашы, Мәскеу қаласы.

1983ж. «Қазіргі жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдардың философиялық-методологиялық мәселелері» атты халықаралық конференцияда «Ғылыми теория құрудың диалектикалық-логикалық принциптері» деген баяндама жасады. Лейпциг қаласы.

- XVII Бүкіл әлемдік философиялық конгресте «Философия және қазіргі ғылымның дүниеге көзқарастық мәселелері» деген тақырыпта баяндама жасады. Монреаль қаласы.

- «К.Маркс және қазіргі заман» атты конференцияның баяндамашысы. Алматы қаласы.

1984 ж. Диалектикалық логиканың мәселелері бойынша халықаралық конференцияның, баяндамашысы. Прага қаласы.

– «Философия, дүниеге көзқарас, практика» мәселесі бойынша Болгария мен Қазақстан философтарының мәслихатында баяндамашы. Алматы қаласы.

– «Ғылыми таным дамуының методологиялық мәселелері» атты ғылыми конференцияда баяндамашы. Алматы қаласы.

1985 ж. Ш. Ш. Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына арналған Бүкілодақтық конференцияның баяндамашысы.

– Бүкілодақтық «Білім» қоғамының лекторлар тобын

басқарушы ретінде Францияға барды.

1987 ж. КСРО кәсіподақтары XVIII съезінің делегаты. Мәскеу қаласы.

- Австрияда өткен Қазақстан мәдениеті күндеріне қатысты.

1988 ж. «Азия-Тынық мұхиты аймағында және ҚиырШығыста бейбітшілікті, қауіпсіздікті және өзара қарым-қатынасты нығайту жолдары мен әдістері» атты советтік-американдық симпозиумда баяндама жасады. Мәскеу-Алматы қалалары.

-XVIII Бүкіләлемдік философиялық, конгресте баяндама жасады. Брайтон қаласы.

- М. О. Әуезовтің туғанына 90 жыл толуына арналған Бүкілодақтық конференцияда баяндама жасады. Алматы қаласы.

-«Ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелеу» атты республикалық ғылыми конференцияда баяндама жасады. Алматы қаласы.

1989 ж. Бірлескен ғылыми-зерттеулер жасау жөнінде келіссөз жүргізу үшін Орта Азия мен Қазақстан ғалымдар өкілдігі құрамында Қытайға іс сапар мен барды.

– «СССР-Франция. Диалог-89» өкілдігі құрамында Францияға іс сапармен барды. Париж қаласы.

-Диалектикалық логика бойынша Бүкілодақтық симпозиумның ұйымдық комитетінің төрағасы, әрі баяндамашысы. Алматы қаласы.

– «Диалектика теориясын құру мәселелері: негіздеу және дәлелдеу» атты Бүкілодақтық ғылыми конференцияда баяндама жасады. Мәскеу қаласы.

1990 ж. Қазақстан өкіметі өкілдігінің құрамында Иранға іс сапармен барды.

- ЮНЕСКО-ның регионалдық симпозиумына қатысты. Бангкок қаласы.

–Бүкілодақтық «Білім» қоғамының лекторлар тобы құрамында Грецияға іс сапармен барды.

– Яссауи шығармашылығын зерттеудің актуальды мәселелеріне арналған халықаралық «дөңгелек үстелге» қатысты. Түркістан қаласы.

1991 ж. Ә. Науаидің туғанына 500 жыл толуына арналған халықаралық конференцияда баяндама жасады, әрі Қазақстан өкілдігін басқарып барды. Ташкент қаласы.
– Абылайханның туғанына 280 жыл толуына арналған ғылыми конференцияда баяндама жасады. Көкшетау қаласы.

1992 ж. «Қазіргі Қазақстан әлемдік қауымдастықта» атты дүниежүзілік конференцияда баяндама жасады. Алматы қаласы.

– Қытай Қоғамдық ғылымдар академиясына барған Қазақстан Республикасы ҒА ғалымдары өкілдігін басқарушысы.

- Қазақтардың бүкіл дүниежүзілік бірінші құрылтайын да баяндама жасады. Алматы қаласы.

- «Руханикелісім» атты бірінші Бүкіләлемдік конгрестің секциясын басқарды. Алматы қаласы.

МАРАПАТТАРЫ:

1970 ж. – «Қажырлы еңбегі үшін. В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіне» мерейтой медалімен.

1974 ж. – «Теория құрудың диалектикалық-логикалық принциптері» деген монографиясы үшін Ш. Ш. Уәлиханов атындағы бірінші сыйлығымен.

1980 ж. «Құрмет белгісі» орденімен. Ғылымды дамытудағы жетістіктері үшін Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен.

1983 ж. «Материалистік диалектиканың негізгі принциптері және олардың ғылыми танымдағы рөлі» атты жұмыстар топтамасы үшін ғылым мен техника саласында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

1986 ж. – Еңбек Қызыл Ту орденімен.

1986 ж. – КСРО ХШЖК күміс медалімен.

1992 ж. – ҚР еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

1994 ж. – ҚР Президентінің Бейбітшілік және рухани татулық сыйлығының лауреаты.

- Мұсылман дінінің өзекті мәселелерін талқылауға қосқаны үлес үшін Сауд Арабиясының Королі атындағы сыйлықтың лауреаты.

2000 ж. – 2 дәрежелі «Барыс» орденімен.

- ТМД парламентаралық ассамблеясының «Ынтымақтастық» ордендерімен.

- ЕҚЫҰ медальдарымен.
- Гегель алтын медалімен.
- Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының 60-жылдығына орай «Баршаға арналған әділет пен абырой» медальдарымен.
- Қазақстандағы БҰҰ қызметіне баға жетпес үлес қосқаны үшін «Құрмет белгісі» атаулы тақтасымен.
- ҚР Жоғары Кеңес Президиумының құрмет грамоталарымен.
- 2001ж.** «ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалімен.
- 2001 ж.** - орден «Содружесто»
- 2006ж.** – «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл» мерекелік медалі.
- 2009 ж** – «Еуразия жұлдызы» конкурсының жеңімпазы.
- 2010 ж.** – «Өмір ағашы» табыс етілді. Ғалымға аталмыш халықаралық сыйлық «Ұзақ өмір сүрген шығармашылық тұлға» деген аталым бойынша берілді.
- 2010 ж** – «Еуразия университетінің еңбегі сіңірген профессоры».
- 2012 ж.** – «МПА СНГ. 20 лет» медалі.
- 2013 ж.** – «С. Торайғыров атындағы» алтын медалі
- 2013 ж.** – «Парасат» ордені.

Академик Ж.М.Әбділдиннің ғылыми және қоғамдық қызметінің ҚЫСҚАШАОЧЕРКІ

Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдин 1933 жылы 16-шы ақпанда Павлодар облысының Май ауданына қарасты Майтүбек селосындағы мал дәрігерінің отбасында дүниеге келді. 1949 жылы Павлодар облысының Май ауданына қарасты «Қызыл Еңбек» колхозындағы орта мектепті бітіргеннен кейін Ж.М. Әбділдин С. М. Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің, философия факультетіне түседі. Студенттік жылдарда оның ғылымға қызығушылығы мен өмірлік мақсаттарының қалыптасуына қырықыншы жылдарда Қазақстанға келген белгілі философтар Н. П. Дардыкин, В. И. Тимоско, М. Н. Чечин және басқа да ғалымдардың ықпалы мол болды. Сол кездің өзінде-ақ ол ғылымға ден қоя бастады, оны ғылымның философиялық проблемалары, диалектика мәселелері, философия тарихы, әсіресе классикалық неміс философиясының тарихы қызықтырды. Университетті үздік оқып бітірген Жабайхан Мүбәрәкұлы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасына түседі, мұнда ол профессор Е. П.Ситковскийдің жетекшілік етуімен «Нақты ұғымның гносеологиялық рөлі» деген тақырыпта диссертациясын жазуға кіріседі. Ол кезде философияда логика мен таным теориясы ретінде ұғылатын, бірақ жеке басқа табынушылық жылдарында диалектиканың категориялары мен

«сипаты» жөніндегі белгілі сталиндік қисындарға әкеліп соқтырған диалектикаға деген қызығушылық едәуір болды. Ұғымның, яғни материалылыққа қарама-қарсы әлде бір идеалылықтың нақтылығы жөніндегі тезисті ұсыну мен негіздеу «жылымық» басталған жылдардың өзінде де белгілі бір ғылыми батылдықты, мұраларына жағымсыз көзқараспен қарау әлі жойылып үлгермеген Кант пен Гегельдің философиялық шығармаларына терең үңілуді талап етті. 1958 жылы кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғаған Ж. М. Әбділдин республика Ғылым академиясының жаңадан ұйымдастырылған Философия және право институтында өзінің еңбек жолын бастайды, осында ол кіші ғылыми қызметкерден институт директорына дейінгі қызмет сатыларынан өтеді. Елуінші жылдардың соңында, алпысыншы жылдардың басында Философия және право институтында талантты жас философ-ғалымдардың бір тобы жұмыс істеді. Олар – алматылық А. Х. Қасымжанов пен Г. А. Югай. Тбилисиден келген М. И. Баканидзе, мәскеулік Л. Қ. Науменколар еді. Ж. М. Әбділдин бас болып осы жас ғалымдар диалектика теориясының актуальды проблемаларын зерттеуді жүзеге асыру үшін шығармашылық топ құрып, бірлесіп жұмыс істеді және көп ұзамай-ақ олар философия ғылымының алдыңғышебінен табыла білді.

Осы шығармашылық топ жүргізген зерттеулердің алғашқы жемісті нәтижесі ретінде 1963 жылы жарияланған «Таным логикасы мен диалектикасының проблемалары» атты ұжымдық монографиясы деп атауға болады. Бұл еңбек еліміздегі ғылыми жұртшылықтың жоғары бағасын алып қана қоймай, диалектикалық

логиканы құруға қосылған елеулі үлес деп танылып, бұрынғы өткен жылдармен салыстырғанда бір қадам ілгері жылжығандық деп бағаланды. Онда таным процесінің әлеуметтік-тарихи шарттылығы, сезімдік және рационалдық танымның белсенділігі, нақты ұғымның табиғаты, диалектикалық және формальдық логиканың арақатынасы сияқты таным логикасы мен диалектикасының принципті мәселелері талдап түсіндірілген. Соңғы мәселелердің шешілуі одан арғы жердегі зерттеулердің негізін қалағаны сөзсіз. Ж. М. Әбділдин мен ол басқарған шығармашылық топтың ғылыми жағынан өсуінің нақты бір көрінісі ғылыми-теориялық танымның алғашқы пункті проблемасын жан-жақты талдау болып табылады. Соның нәтижесінде бірнеше монография жарияланды. Олардың арасында Л. К. Науменконың «Монизм – диалектикалық логиканың принципі», М. И. Баканидzenің, «Логикалық формалардың субординация проблемасы» деген еңбектері бар. Бұл монографиялардың ішінен Ж. М. Әбділдиннің осы проблемалар бойынша философиялық классикаға жататын «Теориялық танымдағы бастама проблемасы» деген еңбегін бөле қарауға болады. Онда ғылыми-теориялық танымдағы бастама, алғашқы пункт мәселесіне жан-жақты талдау жасалған, оны тарихи-философиялық тұрғыдан қарастыра отырып, осы проблеманы нақты шешу мен ұғынудың логикасы дамытылған, бастама ұғымы мен соған қатысты категориялардың логикалық-гносеологиялық қызметі және мәні ашып көрсетілген, ғылыми танымдағы оның методологиялық рөлін ашу жүзеге асырылған. Істің мәні бастама проблемасы танымның теориялық деңгейінде, яғни әңгіме пәндік саланы тұтас, нақты ұғынғанда ғана

пайда болатынында. Міне, сонда ғана мәселенің мәнділігі арта түседі және де таным процесінің басы, зерттеліп отырған құбылыстар шеңберінің алғашқы пункті туралы сұрақ ғылыми сана-сезімнің қажетті пәніне айналады. Әлбетте, таным бастамасының өлшемі, оның маңызды сипаттамалары, оны негіздеудің жолдары мен әдістері туралы мәселелер тууы мүмкін және де оған тек философия жауап бере алатыны сөзсіз. Ғалым аталған проблемалар төңірегінде кең түрде диалектикалық-логикалық талдау жасауды жүзеге асырды және идеализмнің әртүрлі формаларына қарама-қарсы диалектикалық материализмде бастама дегеніміз әлде бір дерексіз ой еместігін, оның өзі тікелей берілген, іштей қайшылықты қарапайым нақтылық екендігін, оның дамуынан осы күрделі тұтастық қалыптасқанын ашып көрсетті. Осы қарапайым шындықты талдау ондағы жалпы мен жекенің, материя мен форманың, тарихилық пен логикалықтың, бүтін мен бөлшектің қайшылықты бірлігін көрсетіп берді. Кітапта айтылғандай, бастаманы негіздеудегі маңызды логикалық-методологиялық бағдар қызметін қайшылық, тұтастық, өзін-өзі негіздеу мен нақты тарихи принциптері атқармақ. Автор дамытқан қағидаларға сәйкес теориялық талдау зерттеліп отырған объектіге жан-жақты келуді меңзейді, ал әрбір нақты тұтастық қайшылықты объективті-тарихи қозғалыстың нәтижесі. Бұдан шығатын қорытынды: теориялық жүйенің, алғашқы пунктінде көрсетілген жалпыға бірдей әмбебап қарым-қатынастар тұтастықтың мәніне сәйкес келуге тиіс және олардың басқа анықтамалары одан дәйекті түрде шығатын қоса қамтуы керек. Ұғымдардың қозғалу негізін заттың шынайы тарихы қалайды. Одан әрі Ж. М.

Әбділдин бастаманың және соған сәйкес абстрактылықтан нақтылыққа қарай өрлеу әдісінің диалектикалық-логикалық түсінігін іргелі физикалық теориялардың, яғни салыстырмалылықтың арнаулы теориясы мен релятивистік емес квант механикасының негізінде тамаша айтып көрсетті. Мұның философиялық-методологиялық мәні аса зор болды, өйткені табиғат зерттеуші ғалымдардың кейбірінде диалектиканың мүмкіндіктеріне, диалектикалық логикаға әлі де болса шүбәлана қараушылық кездеседі. Олардың алдын-ала ойлаған пікірінше мұның өзі тек органикалық жүйелерді танып білу үшін қолданылатын сияқты. Ж. М. Әбділдин қазіргі физиканың іргетасын қалайтын осы бір физикалық теориялардың ақиқат философиялық рефлексиясы шындықты танудың диалектикалық-логикалық принциптері негізінде ғана (ал, оның маңызды бір сәті бастаманы, алғашқы пункті негіздеу мен бөліп алу екені сөзсіз) мүмкін болатындығын дәлелдеді. Осы монография ғалымның докторлық диссертациясының негізіне алынып, ол оны 1968 жылы Мәскеу қаласында бұрынғы ССРО Ғылым академиясының Философия институтында ойдағыдай қорғап шықты. Қазақстан философтарының алғашқы елеулі табысы, олар жариялаған ғылыми еңбектер жоғары бағаланып, бүкілодақтық мәртебеге ие болды. Мұның өзі 1968 жылы Алматыда диалектикалық логиканың келелі проблемалары бойынша Бүкілодақтық симпозиум өткізуге мұрындық болып, оның жұмысына Мәскеу, Санкт-Петербург, Киев, Минск, Ташкент, Тбилиси ғалымдары қатысты және басқа да қалалардан өкілдер келді. Қазақстан Республикасының ҒА диалектика теориясы проблемаларына талдау жасауда танылған

ғылыми орталықтың біріне айналды, соның нақты куәсі бұдан кейін тағы да үш симпозиумның өткізілуі еді. Атап айтқанда 1977 жылы – «Материалистік диалектика – ғылыми танымның логикасы мен методологиясы»; 1982 жылы – «Диалектика және этика», 1990 жылы – «Материалистік диалектика – әлеуметтік шығармашылық пен ғылыми танымның логикасы мен методологиясы» деген тақырыптарда болып өтті. Бұлар логика, таным теориясы мен методологиясы ретіндегі материалистік диалектика теориясын дамытуда, жүргізілген зерттеулердің философиялық-теориялық деңгейінің өсуінде, Жабайхан Мүбәрәкұлы Әбділдин басқарған Қазақстандағы философтар мектебінің беделін көтеруде, философиялық ілімді насихаттауда елеулі рөл атқарды. Осы симпозиумдардың әрқайсысы алдын-ала жүргізілген қомақты ғылыми зерттеулердің және ғылыми-ұйымдастыру жұмыстарының негізінде өткізіліп, өз алғы шарты ретінде монографиялар тізбегі түрінде жарық көрген Ж. М. Әбділдиннің басшылығымен жүзеге асырылған материалистік диалектиканың теориясы бойынша зерттеулердің нәтижесіне сүйенді. Сонымен бірге әрбір симпозиум Қазақстандағы философтар мектебінің творчестволық өсуіне, оның Ресей, Украина, Беларусь, Грузия, Өзбекстан, Қырғызстан, басқа да республикалардың ғылыми орталықтарындағы әріптестерімен творчестволық байланысын кеңейтуге он серпін берген жаңа қадам болды да. Бұл шаралар диалектика теориясының проблемаларын шешуде және түсінуде көзқарастардың жақындасуына, диалектиканы шындықты теориялық тұрғыда түсінудің практика жүзінде жаңартудың шығармашылық методы деп

қарастыратын ғалым-философтардың қоғамдастығын нығайтуға мүмкіндік берді. Бұл қоғамдастыққа КСРО ҒА-ның академигі Б.М. Кедров, КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі П. В. Копнин, профессорлар Э. В. Ильенков. Е. П. Ситковский сияқты аға буын философтардың тамаша саңлақтар тобы кірген болатын. Міне, солар Ж. М. Әбділдиннің шығармашылық жағынан өсіп, қалыптасуына жақсы ықпал жасады. 1968 жылдан бастап Ж. М. Әбділдиннің басшылығымен және оның тікелей қатысуымен ғылыми танымның логикасы, гносеологиясы мен методологиясы ретіндегі диалектиканың принциптері мен категорияларын іргелі зерттеу жүзеге асырылды. Бұл проблемаларды ашып көрсетудің негізгі идеялары оның Ә. Н. Нысанбаевпен бірлесіп жазған «Теорияны құрудың диалектикалық-логикалық принциптері» деген көлемді монографиясында берілген және де осы еңбегі қоғамдық ғылымдар саласында тағайындалған Ш. Ш. Уәлиханов атындағы бірінші сыйлықпен атап өтілді. Кітапта берілетін негізгі ой адамзат білімі жүйесінде ғылыми теорияға айрықша орын беріледі дегенге меңзейді. Ол ғылыми ойдың жүйелі дамуының анағұрлым шынайы синтетикалық формасын бейнелейді. Ол кезде философиялық-методологиялық әдебиеттерде ғылыми теорияның мәнін ашуда оның формальды жақтарына баса көңіл бөлінді. Мәселені қарастырудың мұндай әдісі ғылыми білімнің дамуы мен өмір сүруінің нақты процесін шынайы түрде көрсете алмады. Аталған монографияның авторлары ғылыми теорияның қалыптасу, құру және өмір сүру заңдылықтарын логика мен таным теориясы ретінде ұғылатын диалектика тұрғысынан ашып көрсетуді алдарына мақсат етіп қояды.

Бастауын Канттың философиясынан алатын тарихи-философиялық дәстүрлерге сәйкес ғылыми-теориялық ілімнің өлшемі мен мазмұнды принциптері кітаптың талдау объектісіне айналды. Канттың трансцендентальды логика туралы идеясында теориялық білімнің бастапқы формасындағы принциптері берілген, ал Гегель адамзаттың тектік тәжірибесіне сүйенбейінше логика жүйесінде бұл проблеманы принципті түрде тиімді шешу ешбір мүмкін еместігін көрсеткен болатын. Кант пен Гегель талдамасының көңілге қонатын тұстарын ескере отырып, Ж. М. Әбділдин ғылыми ойдың күрделі формасы ретінде теорияның диалектикалық-материалистік мәнін аша түсті және оны құрудың методологиялық принциптеріне талдау жасайды. Ол теорияны тұтас предметтік қызметтің негізіндегі нақты тұтастықтың рухани қайта жаң-ғыруы деп түсінуді негіздеді.

Теорияны құру шындықтың объективті қайшылығын бейнелейтін ойлаудағы қайшылықты шешу процесі ретінде түсіндіріледі. Теорияны жасаудың жалпы шарттарына зерттеліп отырған предметтік саланы бөліп алу, жүйенің бастамасын, алғашқы пунктін талдау, жалпы принципті, негізгі ұғымды негіздеу, мән мен оның көріну формаларының диалектикалық байланысын, тарихилық пен логикалықтың бірлігін ашу жатады. Теорияны құру абстрактылықтан нақтылыққа қарай қайшылықты өрлеу, субстанцияның өздігінен дамуы нәтижесінде пайда болатын тұтастықты ұғымдар арқылы қайта жаңғырту, аралық буындардың табылуын ашып көрсету ретінде түсіндіріледі. Осы тұжырымдардың барлығы тарихи-философиялық және тарихи-ғылыми бай деректерге сүйене отырып негізделген, Эйнштейннің

салыстырмалылық теориясын құру логикасын талдау жолымен, К. Маркстің «Капиталындағы», В. И. Лениннің еңбектеріндегі озық логика үлгілерімен салыстыру арқылы мақұлданып, беріліп отыр. Бұл кітаптан соң іле-шала «Қазіргі ғылымдағы қайшылық принципі», «Қазіргі ғылымдағы нақтылық принципінің рөлі», «Ғылыми танымдағы мазмұндылық пен формальдылықтың ара қатынасы», «Ғылыми танымдағы «идея» категориясының рөлі» дейтін ұжымдық монографиялар, сондай-ақ сол диалектикалық-логикалық мәнде жазылған жас философтардың жеке монографиялары жарық көрді. Олардың көбінде диалектиканың категориялары тарихи-философиялық дәстүрлер негізінде және қазіргі ғылымның жетістіктерімен тығыз байланыста талданды. Мұндай еңбектердің жарық көруі Қазақстандағы философтар мектебінің елеулі жетістігінің куәсі еді. Ж. М. Әбділдиннің ғылыми жетекшілігімен, бұл кезде Ә. Н. Нысанбаев, А. А. Ивакин, Н. К. Мұқитанов, М. С. Орынбеков, Т. Х. Рысқалиев, М. С. Сәбитов, Г. Г. Соловьева және бүгінде танымал болып отырған басқа да ғалым-философтар белсенді зерттеу жұмыстарын жүргізді. Жабайхан Мүбәрәкұлы жас ғалымдардың өсуіне және олардың шығармашылық күш-жігерлерін біріктіруге көмектесе, философиялық зерттеулердің басты бағыттарын анықтай отырып, оларға басшылық жасауды жүзеге асырды, сонымен бірге өзі де белгілі бір ғылыми деңгейде қалып қойған жоқ, үнемі шығармашылық өсу үстінде болды. Ол жоғарыда көрсетілген ұжымдық монографиялардың ең үлкен бөлімдерін жазды, А. С. Балғымбаевпен бірге «Ғылыми танымдағы субъекті белсенділігінің диалектикасы»

дейтін кітабы баспадан шықты. Онда диалектикалық логиканың маңызды принциптерінің бірі – қазіргі заманғы философия мен ғылымда аса ден қойылып отырған ғылыми танымдағы субъекті белсенділігінің принципі жүйелі түрде қарастырылды. Субъект пен объект, белсенділік пен бейнелеудің ара қатынасы жөніндегі мәселелер бойынша философтардың пікір таласына қатыса отырып, Ж. М. Әбділдин адам қызметінің мәнін ғылыми түсіндіруге, заттану мен затсызданудың, теория мен практиканың, бейнелеу мен творчествоның, субъектілік пен объектіліктің диалектикасын ашуға ден қойды, субъектінің белсенділігі абстрактылықтан нақтылыққа қарай өрлеу ғылыми әдісімен құрылғаны жөн. Бұл міндетті жүзеге асыруға барлық қажетті шарттар мен жағдай жасалған болатын, яғни теориялық дайындық та жеткілікті болды, сондай-ақ кадр мәселесі де шешілгенді. Жабайхан Мүбәрәкұлының төңірегіне бұл үлкен ойды тиісті теориялық деңгейде жүзеге асыра алатын пікірлес ғалымдардың үлкен тобы шоғырланған. Жоғарыда есімдері аталғандардан басқа бұл сапқа Қ. А. Әбішев, З. А. Мұқашев, В. И. Ротницкий, А. А. Хамидов, Е. Ергалиев, С. Ю. Колчигин, А. Г. Косиченко, Р. К. Кадыржанов, Н. Ә. Әмірекұлов және басқалар қосылып, жемісті еңбек етуде. Бұл проблеманы күн тәртібіне қоюдың және шешудің принципті де түбірлі мәселесі, атап айтқанда категориялық анықтамалардың өзара байланысы мен ауысып отыруының өлшемін белгілейтін және оның ішкі өзегін құрайтын реалдық негіз туралы мәселе Ж. М. Әбділдиннің К. Ә. Әбішевпен бірлесіп жазған «Практикалық іс-қимыл процесінде ойлаудың логикалық құрылымының қалыптасуы» деген кітабында

зерттелді. Онда категориялар адамның заттық практикалық қызметінің формасы ретінде, ал соңғысы ойлаудың логикалық құрылымын қалыптастырудың жалпы негізі есебінде қарастырылды. Сонымен бұл проблема өзара байланысты екі аспектіде қарастырылды: тарихи-философиялық аспектіде ойла категорияларының табиғатын түсінудегі негізгі кезеңдер анықталған, онда аталған проблеманың философиялық-теориялық күрделілігіне және маңызына орай оны күн тәртібіне қою мен мәнін ашып көрсетуде көп еңбек сіңірген Кант пен Гегельге ерекше орын берілген; ал диалектикалық-логикалық аспектіде – бастапқыда таза күйінде, ал кейін бұған қоғамдық қатынастарды қоса тұтастай алғанда қарастырылған заттық-практикалық қызметтің даму процесінде адам ойлауының, оның логикалық құрылымының қалыптасуына талдау берілген. Мұндай зерттеу ойлау категорияларының өндіріс тәсілмен генетикалық байланысын ашуға, әрбір тарихи дәуірдің логикалық бейнесін қайта жаңғыртуға және жалпы категориялардың пайда болуының жалпы механизмін анықтауға жол ашады. Осыдан категориялардың ғылыми негізделген жүйесі тек қана қызметтік принцип негізінде құрылуы мүмкін және ондағы әрбір категория адамның заттық-практикалық қызметінің даму логикасына сәйкес пайда болуы керек деген түйін жасауға болады. Міне, осындай жолмен объекті мен субъектінің, сапа, мөлшер және өлшемнің, материя мен форманың, жалпының, ерекшеліктің және даралықтың, бүтін мен бөлшектің, мән мен өмір сүрудің, қозғалыс пен дамудың, тағы басқа категориялардың шығу тегі зерттелген. 1985-1987 жылдары Ж. М. Әбділдиннің жетекшілік етуімен авторлар ұжымы «Диалектикалық логика» атты

төрт томдық көлемді еңбек жариялады. Мұның өзі Қазақстан философтарының диалектика теориясы бойынша жүргізген көпжылдық зерттеулерінің нәтижесі болды. Осыған орай Гегельдің әйгілі «Логика ғылымына» іспеттес диалектикалық-материалистік еңбек дайындалды деп айтуға болады. Бұл мәселені Мәскеудің, Санкт-Петербургтің, Киевтің және басқа да ғылыми орталықтардың ғалымдар тобы шешуге ынтыққан еді. Философиялық рефлексияның ең өзекті мәселелерін көтеруге арналған бұл зерттеулердің маңызын айтып жеткізу қиын. Атап айтқанда, дәл осы зерттеулер шындықты ұғынудың терең теориялық деңгейін анықтады, осында неғұрлым маңызды, жалпыға бірдей және аса қажетті сипаттамаларды адам танымы мен практикасы арқылы түсінуге қол жеткізілген. Кітап бойынша Мәскеу мен Алматы философтарының арасында, Бүкілодақтық философиялық симпозиумдарда болған пікір таласы Қазақстан ғалымдарының бұл іргелі еңбегі осы проблематика бойынша жүргізілген зерттеулер ішіндегі ең үздігі екенін көрсетті. Қазіргі кезде Жабайхан Мүбәрәкұлы өзінің әріптестерімен бірге «Диалектикалық логиканың тарихы» атты көп томдық еңбекті жазуға кірісті. Бұл жауапты іске өзін адамның шығармашылық ойлауының құпиясын ашуға арнаған, Ақиқат, Жақсылық пен Сұлулық идеяларына беріле қызмет етуі арқылы жеңіп алынған адам рухының сарқылмас байлығына енуге құқығы барлар ғана кірісе алады.

Ж. М. Әбділдиннің зерттеулерінде логика мен тарихтың, тарих пен бүгінгі күннің, теория мен практиканың іштей тұтасып келуі оның шығармашылық қолтаңбасының ерекшелігін айқындайды. Ол философия

тарихына, әсіресе Канттың философиялық шығармаларына үңіле қараумен келеді, оның туғанына 250 жыл толуына орай «Канттың диалектикасы» деген монографиясын шығарды. Белгілі философ-профессор Е. П. Ситковский бұл еңбекті аса жоғары бағалап, оны ұлы неміс философының шығармашылық мұрасы жайында жазылған кітаптардың ең тәуірінің қатарына жатқызды. Жабайхан Мүбәрәкұлы өзінің жас әріптестері – Н. Қ. Сейтахметовпен, А. Б. Қапышевпен және Р. Ж. Әбділдинамен бірге «Шығармашылық ретінде еркіндіктің диалектикасы» атты монография жариялады. Біршама ғылыми нәтижелер «Ғылымды логикалық-гносеологиялық талдау» дейтін жинақтан қорытылған ұжымдық еңбекте де берілген. Мұнда негізінен арнаулы әлеуметтік институт ретіндегі қазіргі ғылымның мәні, негізгі ерекшеліктері мен заңдылықтарын зерттеу жүзеге асырылған. Ж. М. Әбділдин он бестей жеке және ұжымдық монографиялар, 170-тен астам ғылыми мақалалар жариялады. Оның ғылыми жетекшілігімен 5 ғылым докторы, отыздай ғылым кандидаттары даярланды. Көрнекті ғалым-философ ретінде Ж. М. Әбділдиннің есімі Қазақстаннан тыс жерлерге де кеңінен мәлім. Ол баяндамашы есебінде соңғы кездегі Бүкілдүниежүзілік философиялық конгрестің барлығының да (1968 жылы Австрия астанасы – Вена қаласында өткен XIV конгрестен бастап 1989 жылы Англияның Брайтон қаласында болған XVIII конгреске дейін), сондай-ақ VIII (Берлин, 1970 ж.) және X (Мәскеу, 1974 ж.) Гегель жөніндегі Халықаралық конгрестердің, И. Кант жөніндегі Халықаралық симпозиумның (Рига қаласы, 1981 ж.) жұмыстарына қатысты. Жабайхан Мүбәрәкұлы философияның әртүрлі проблемалары

бойынша өткен халықаралық ғылыми конференцияларда (Лейпциг, 1983; Прага, 1984; Мәскеу, 1987 және тағы басқа), сонымен бірге аса көрнекті ойшылдардың: Әл-Фарабидің (Алматы, 1975 ж.), Давид Анахтың (Ереван, 1980 ж.), Ибн-Синаның (Душанбе – Бұқара, 1980 ж.) Ш. Ш. Уәлихановтың (Мәскеу-Алматы, 1985 ж.), М. О. Әуезовтің (Алматы, 1988 ж.), Ахмет Яссауидің (Түркістан, 1990 ж.), Әлішер Науаидың (Ташкент, 1991 ж.) шығармашылығына арналған конференцияларда, қазақтардың Бүкілдүниежүзілік алғашқы құрылтайында (Алматы, 1992, ж.) ғылыми баяндамалар мен хабарламалар жасады. Оның философиялық еңбектеріне жазылған пікірлер Болгарияның, Алманияның, Польшаның, Чехословакияның, Ресейдің, Украинаның және басқа да елдердің ғылыми басылымдарында жарияланды.

Ж.М.Әбділдин ғылымның талантты ұйымдастырушысы болып табылады, ол ғылыми ұжымдарды топтастыра алады, олардың алдына келелі міндеттер мен проблемаларды қоя біледі, оның бойында ұжымдық сезімді дамытатын, басшылық ету жауапкершілігін сезінетін жақсы қасиеттер мол. Ол қандай қызметте де іске берілгендігімен, шығармашылық ойлай алатындығымен, қай мәселені де философиялық тұрғыда түсінуімен ерекшеленеді. Оның басшылық стиліне демократияға кең жол ашумен бірге, ғылымның алдында тұрған міндеттерді айқын түсіне білу, ғылыми ұйымдастыру жұмыстарының тиімді саналатын жаңа әдістері мен формаларын табуға шығармашылықпен келу тән. Ол республика Ғылым академиясының вице-президенті, қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик-хатшысы ретінде қоғамдық ғылымдар саласын басқара

отырып, институттарда зерттеу жұмыстарына тәуелсіз республика жағдайына сәйкес келетіндей бағыт, бағдар беруге ұмтылып келеді. Оның белсенді ықпал етуімен Ұйғыртану, Ә. Х. Марғұлан атындағы археология, Мемлекет және заң институттары, Ұйғыртану институтының жанынан Шығыстану ғылыми орталығы, М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты жанында қолжазба орталығы, Философия институтының жанында Социология және ұлтаралық қатынастар орталығы, Экономика институтының жанынан Қарағандыдағы қоғамдық ғылымдар орталығы құрылып, жұмыс істеп жатыр. Ол Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Президиум мүшесі, редакциялық-баспа алқасының төрағасы, «Республика ҒА-ның Хабаршысы» және «Республика ҒА-ның Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналдарының редакция алқасының мүшесі, «Адам». Ғылым. Қоғам» атты республикалық ғылыми-техникалық бағдарламаның ғылыми жетекшісі, республика Философтар одағының президенті, Республика Ғылым академиясы Философия институты жанындағы докторлық диссертация қорғау жөніндегі мамандандырылған кеңестің төрағасы, диалектика тарихы мен теориясы бөлімінің меңгерушісі, осы институттағы ғылыми кеңестің мүшесі міндеттерін де ойдағыдай атқарып келеді.

Академик Ж. М. Әбділдин бірыңғай философиялық-теориялық проблемалармен шектеліп қалмай, республиканың мәдени және әлеуметтік-саяси өміріндегі маңызды оқиғаларға да үн қосып отырады. Ол әртүрлі ғылыми, ғылыми-практикалық және қоғамдық саяси форумдарда сөйлеген сөздерінде, газет-журналдарда жарияланған еңбектерінде мәселені

философиялық тұрғыда қарап аңғаратынын білдірумен келеді. Жабайхан Мубәрәкұлы Қазақстан ғылымы мен мәдениетінің Ш. Құдайбердиев, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және тағы басқа өкілдерінің шығармашылық мұрасын зерттеу жөніндегі, сондай-ақ, 30-40-шы жылдар мен 50-ші жылдарда тарих, әдебиет және өнер мәселелері бойынша қабылданған құжаттарды зерттеу жөніндегі комиссияларды басқара отырып, оларды ақтау ісіне, ақтаңдақтарды ашуға лайықты үлес қосты. Ол Қазақстан Республикасының халық депутаты, тарих пен мәдениет ескерткіштерін табу және зерттеу жөніндегі комиссияның төрағасы, Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі, шет елдермен достық және мәдени байланыс жасау жөніндегі Қазақ қоғамы Президиумының мүшесі ретінде көптеген қоғамдық-саяси жұмыстар да атқарып келеді. Оның ғылыми және қоғамдық-саяси қызметі жоғары бағаланып, ол Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен және медальдармен наградталды. Жабайхан Мубәрәкұлы 1983 жылы Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының толық мүшесі (академигі) болып, сайланды. 1992 жылдың аяғында оған «Қазақстан Республикасының ғылымға еңбегі сіңген қайраткері» деген атақ берілді.

Аудандық кітапхана қорындағы академик Ж.М.Әбділдиннің шығармалары:

- Абдильдин Ж. Проблема начала в теоретическом познании. Алма Ата. Издательство «Наука». – 1967. – 365 стр.
- Ж. Абдильдин. Собрание сочинений в пяти томах. Алматы: Өнер, 2000. 400 стр
- Ж. Абдильдин. Собрание сочинений: В пяти томах. Т1. Алматы. – 2000. – 400 стр.
- Ж. Абдильдин. Собрание сочинений: В пяти томах. Т2. Алматы. – 2000. – 448 стр.
- Ж. Абдильдин. Собрание сочинений: В пяти томах. Т3. Алматы. – 2001. – 392 стр.
- Ж. Абдильдин. Собрание сочинений: В пяти томах. Т4. Алматы. – 2001. – 440 стр.
- Ж. Абдильдин. Собрание сочинений: В пяти томах. Т5. Алматы. – 2001. – 455 стр.
- Ж. Әбділдин. Ой әлемінен сөз. Мақалалар, сұхбаттар. Астана: Елорда, - 2002. – 224 бет
- Әбділдин Ж.М. Тағлым мен тағзым. Алматы: Комплекс, 2003. – 176 б.
- Жабайхан. Әбділдин. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003. – 200 бет.
- Абдильдин Ж. Время и культура. Алматы. – 2003. – 480 стр.
- Абдильдин Ж.М., Абдильдина Р.Ж История философии – Алматы. Асем – Систем, 2010. 536с.

Абдильдин Ж. Собрание сочинений: В десяти томах. Т.1. Алматы.2010, - 376 стр.

Абдильдин Ж. История философии. Алматы. – 2010. – 536 стр.

Абдильдин Ж. Собрание сочинений: В десяти томах. Т.2. А. – Алматы.2010, - 400 стр

Абдильдин Ж. Философия и логика Гегеля. Алматы. – 2011. – 192 стр.

Абдильдин Ж. Собрание сочинений: В десяти томах. Т.3. Астана.2011, - 392 стр

Абдильдин Ж. Собрание сочинений: В десяти томах. Т.4. Астана.2011, - 440 стр

Абдильдин Ж. Собрание сочинений: В десяти томах. Т.5. Астана.2011, - 424 стр

Абдильдин Ж. Собрание сочинений: В десяти томах. Т.6. Астана.2011, - 408 стр

Абдильдин Ж. Собрание сочинений: В десяти томах. Т.7. Астана.2012, - 408 стр

Абдильдин Ж. Собрание сочинений в десяти томах. Т. 8. Астана. – 2012, - 248 стр.

Абдильдин Ж. Собрание сочинений в десяти томах. Т. 9. Астана. – 2012, - 504 стр.

Абдильдин Ж. Собрание сочинений в десяти томах. Т. 10. Астана. – 2012, - 552 стр.

Әбділдин Жабайхан. Өнегелі өмір. Алматы. 2013. – 360б.

Абдильдин Ж.Собрание сочинений. Алматы. – 2016. – 380 стр.

Әбділдин Жабайхан. Мемлекет тірегі- кісілік.// Егемен Қазақстан, 2012. – 26 қыркүйек.

Әбділдин Жабайхан. Малайсары – Абылай ханның сенімді серігі.//Сарыарқа самалы. 2015. – 10 желтоқсан. – 156

Ж. Әбділдин туралы әдебиеттер:

Сарсенбай Асқар. Академик Жабайхан әбділдиннің жастық шағы. Алматы: Комплекс, 2004. – 181 бет.

Қайыр Ахмет. Өмір – тіршілік арқауы. Май ауданының тарихы. Павлодар,НПФ «ЭКО», 1999. – 184 бет.

Әбілқасова Бақыт. Май елі – құтты мекен. 1939-1999жж. Павлодар: « ЭКО» ҒӨФ, 2000. – 336 бет.

Ж. Әбділдиннің өмірі туралы баспа беттеріне шыққан мақалалар:

1993

Жанғожа Рүстем. Философия туралы әңгіме. //Парасат. – қаңтар. – 13б.

Төлебаев Жұмат. Шығып сырлы дүниеден, шын алтындар жарқырап. // Шамшырақ. – 10 маусым. – 2-3 б
Сапаров Ғабит. Академик Жабайхан Әбділдиннің 60 жасқа толуына орай. // Шамшырақ. – 10 маусым. – 1 б
Қоңыров Т. Академиктің ауылында. [Ж. М.Әбділдиннің 60 жылдығы] // Сарыарқа самалы. – 24 маусым. – 3 б.
Баймұратұлы Бақыт. Май өңірі- заманға сай өмірі. // Сарыарқа самалы. – 9 шілде. – 3 б.

2002

Вселюдирождаются свободными... [Интервью с Академиком Ж.Абдильдином] /бес. Аяган Сандыбаевем.// Новости недели. – 23 апреля. - 21с.

2003

Тіршіліктің мағнасы еңбекте. // Шамшырақ. - 13 қаңтар. – 1б.

Студенттік жылдардан ескерткіш. // Шамшырақ. – 20 қаңтар. 1б.

Сулипова С. Сеять разумное, доброе, вечное. // Шамшырақ. – 27 қаңтар. – 4б.

Әбілқасова Б. «Қызыл еңбектің» тумасы, аудан мақтанышы. // Шамшырақ. – 10 ақпан. 1б.

2004

Арықбайұлы Ж. Ой – пікір. «Тағлым мен тағзымды оқығанда. [Әбділдин Ж] //Шамшырақ.- 11 желтоқсан. - №50 – 4 б.

2005

Іс – сапар аясында. «Көңілден шыққан кездесу». [Әбділдин Ж] //Шамшырақ.- 18 маусым. - №24 – 2 б.

2013

Алаш арыстары қалай ақталды? [Академик Ж.Әбділдинмен сұхбат]//Егемен Қазақстан.- 11 қаңтар. - 7 бет

Кешенді дәрістер конспектісінен [Жоба. Дәрісшілер Академик Ж.Әбділдин] //Кітап патшалығы.- №1-2. – 10 бет.

Лектеский Владслав. Жабайхан Әбділдин және диалектика тағдыры. //Егемен Қазақстан.- 9 ақпан. - 5 бет
Мәмет Сүлеймен. Таным тағлымы. //Егемен Қазақстан.- 10 ақпан. - 8 бет

Идрисов Кабдеш. Пример служения науке и Отечеству. //Казахстанская правда. – 14 февраля. – С.3

Дүйсенбин Қабдырахман. Данылық- даралық. //Егемен Қазақстан.- 15 ақпан. - 5 бет

Мәмет Сүлеймен. Әбділдиннің әлеміне арналды. //Егемен Қазақстан.- 20 ақпан. - 10 бет

Бек Татьяна. Философия человеческого общения. . //Казахстанская правда. – 1 марта. – С.15

Қызырұлы М. Академик Жабайхан 80 жаста! «Ауылдағы ағайын лебізі». //Шамшырақ.- 9 наурыз. - 3 б.

Қызырұлы Мейрамбек. Ауылдағы ағаын
лебізі. //Регион.kz. – 22 наурыз. - 9 бет

Балтабаева Д. Диалектика гогикасының дамытушысы.
//Шамшырақ. 16 наурыз. - 3 б.

Бектұр Бақыт. «Қызылеңбектің» тумасы, аудан
мақтанышы. //Шамшырақ. - 4 мамыр. - 3 б.

Ермаганбетова А. Опережая время. //Регион.kz. – 31 мая.
– С.9

Бақытұлы Айбын. BAQ.KZ.сайтынан. Жабайхан
Әбділдин, ҚР ҰҒА академигі: Ғылымға күш- қуаты
тасыған ер – азаматтар керек. //Шамшырақ.- 8 маусым. -
№23. – 2 б

Ермаганбетова А. Правда жизни - в знаниях, духовных
ценностях, человеческих отношениях. // Звезда
Прииртышья. – 13 июня. – С.6

Сагитова А. Инновации и наука- во благо. // Звезда
Прииртышья. – 15 июня. – С.2

Хаиргельдин Д. Ученый и патриот:[о юбилейном
вечерем философа, ученого Ж. Абдильдина на малой
Родине] // Звезда Прииртышья. – 15 июня. – С.2

Вервекин А. Философ и языковед. // Звезда Прииртышья.
– 18 июня. – С.3

Қызырұлы М. Мерейтой Жабайхан Әбділдин туған жер
төсінде. [Әбділдин Ж] //Шамшырақ.- 22 маусым. - №25
– 1 б.

Сүлейменов Жарасбай. Ел тұлғаларымен мықты
//Егемен Қазақстан.- 15 тамыз. - 8 бет7

2014

Академик Жабайхан Әбділдин: «Бізге елді, жерді сүйген
қуатты сезім керек» [Академик Ж.Әбділдинмен сұхбат]
/әңг. Жасасбай Сүлейменов //Егемен Қазақстан.- 13
желтоқсан. - 7-8 бет